


**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Жамбыл атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесіндегі психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылының психологиялық жұмыстарының жылдық талдау есебі**

**Оқушылармен**

**Диагностикалық жұмыс:** 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында 1-сынып оқушыларының оқуға мотивациялық дайындығын, ақыл –ой даму деңгейін анықтауға, зейін шоғырлануы мен тұрақтылығы дағдыларын дамытуға арналған әдістемелер және «Керн-Ийрасек» тесті, таным процестерін зерттеу «10 сан әдістемесі», сыныптардың отбасы әлеуметтік-психологиялық ахуалын анықтау «Отбасы суреті» әдістемелері бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізіліп нәтижесі шығарылды. Оқушылар мектепке дейін мектепалды даярлық сыныбында білім алған. Сынып оқушыларының оқуға мотивациялық дайындық деңгейі мынандай көрсеткішті көрсетті. «Не артық» әдістемесі, суретте бейнеленген төрт заттың біреуі артық екенін табу, «Шатасқан сызықтар» әр сызықтың басында сол жағында дөңгелек ішінде әр сызықтың шартты белгісі бар екенін табу, «Ұқсасын тауып сыз» төмендегі суреттен ұқсас пішіндерді тауып сызу, «Қисынсыздықтарды тап» 51,3% -жоғары, 40,1% - орташа көрсеткішті көрсетті. «Жетіспейтін бөліктерін тап» оның суретін салу. Әр тапсырманы орындағанда оқушылар белсене орындап берді. 1- сынып оқушыларымен «Отбасы суреті» әдістемесі проективтік тест Г.Т.Хоменстаукас жұмыстары жүргізілді. 2-4 сынып оқушыларымен «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі алынды. 11-сынып оқушыларымен «Сенің кәсіби ой –ниетің» сауалнамасы алынды. Нәтижесінде оқушылардың мамандығының мазмұны мен оның адамға қояр талабы туралы, кәсіби ой-ниетін жүзеге асыра алатындығы байқалды. 6- сынып оқушыларымен «Мектеп оқушы көзімен» сауалнамасы жүргізілді. Оқушылар әрбір сұраққа толық жауап берді. Мектептегі, сыныптағы білімі мен тәртібіне көңілі толатындығы, өзінің ойынша үздік мұғалімнің қандай болу керектігі, қай пәнді жақсы көретіндігі, сынып жетекшісінің қандай болу керектігі жөнінде бірнеше сұрақтарға жауап берді. 5-сынып оқушыларымен «Мектептегі мотивацияны» анықтауға арналған сауалнама қорытындысы бойынша 10 оқушы оқу белсенділігінің жоғары деңгейін, 7-оқушы мектепке көзқарасы жақсы, оқуға деген белсенділігі қалыптасу жолында, 11-оқушы мектепке көзқарасы жағымды, бірақ көбінесе оқудан тыс шараларға қызығушылығы басым екені анықталды. 11-сынып оқушыларымен оқушылардың оқуға деген қызығушылығын зерттеу жүргізілді. «Жеке тұлғаны геометриялық фигуралар

арқылы зерттеу» 11-сынып оқушыларымен, «Өзін-өзі бағалау» тесті жүргізілді. 8-9 сынып оқушыларымен «Өз отбасым» сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар әр сұраққа жауап тауып жазды. 5-11 сынып оқушылары арасында әлімжеттік пен күш көрсетушілікті анықтау мақсатында жасырын сауалнама жүргізілді. Қорытындысы бойынша оқушылардың арасында әлімжеттік көрсететіндер байқалмады. 7 сынып оқушыларымен «Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті» жүргізілді. 8 сынып оқушыларымен «Кактус» тесті алынды. Тест қорытындысы бойынша 19 оқушы қатысты. Оқушылардың салынған суреті бойынша өздерінің бойындағы ашу ызаны анықтау мақсатында олардың бойында ашу ызаның жоқтығы, оның іштей ренжіп тез басылып қалатындығы, өз жанұясын жақсы көретіндігі байқалды. Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық бойынша сауалнама 8-11 сынып арасында жүргізілді. Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық бойынша сауалнамада оқушылар арасында күштеп зорлық көрсететіндігі байқалмады. «Өзін-өзі бағалау» тест 9-11 сынып оқушыларымен жүргізілді. Өз отбасын жақсы көретіндігі, отбасының өзіне тән ерекшелігін, отбасынан қашыққа кеткенде оларды сағынатындығын, ата-ананың сабаққа көңіл аударатындығы байқалды. 8-сынып оқушыларымен «Сіздің мінезіңіз қандай?» сауалнамасы алынды. Нәтижесінде 5-оқушы тыныштықты ұнататындар, 10-оқушы адамдармен тез тіл табысатындар, 4-оқушы жұртты күлдіретін юморды ұнататындар болып көрсетілді.



Педұжыммен  
Диагностикалық жұмыстар

«Сіздің адамдармен қарым-қатынас жасауға бейімділігіңіз?» тест жүргізілді. «Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау әдістемесі Реан сауалнамасы бойынша өзіңізге көңіліңіз толатындығын, өз-өзіне сенімді және байсалды қарайтындығы байқалды. Л.П.Калининскийдің педагогтармен «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтау» мақсатында тест жүргізілді. Мақсаты: педагогтың коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтау мақсатында олардың қарым-қатынасқа түсуге тырыспайды, уақытты жалғыз өзі өткізетіндігі байқалды.



#### **Ата-анамен**

##### **Диагностикалық жұмыстар**

5- сынып оқушыларының ата-аналарымен «Ата-аналардың өзара қарым-қатынасын жақсарту мақсатында» тест қорытындысы бойынша, Мақсаты: ата-ананың қарым-қатынасқа бейімділігіңіздің деңгейін анықтауда қарым-қатынасқа бейімделгенсіз, белгілі бір дәрежеде ашықсыз, өзіңізді сенімді ұстайтындығы байқалды. 1-сынып оқушыларының ата-аналарымен баланың мектепке бейімделу деңгейін анықтауда балаларының мектепке өз еркімен баруы, жана ортаға толық қалыптасуы, үй тапсырмасын орындағанда көмекті қажет ететіндігі анықталды. 3 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Баланы ата-ана тәрбиелейді. Ата-ананы кім тәрбиелейді?» әдістемесі жүргізілді. 9-сынып оқушыларының ата-аналарымен «Ата-ана махаббатының түрлері» тестінің қорытындысы бойынша өзіңіздің өміріңізге, тұрмыс жәйтіңізге қарай, оның басқа дәуірде өмір сүріп жатқандығына мән берместен тәрбиелейтіндігі,

бала тәрбиесіне қалыптасып кеткен тәсілдерді қолдануға тырысатындығы байқалды.



### **Оқушылармен**

#### **Коррекциялық жұмыстар**

1-сынып оқушыларымен «Көңіл-күй» тренингі жүргізілді. Оқушылар тренингке белсене қатысты. 11 сынып оқушыларымен «Мамандық –өмір таңдауы» пікірсайыс жүргізілді. Сайысқа оқушылар өз таңдаған мамандықтары туралы хабарын айтты. Оның неге қолжетімділігін айтып түсіндірді. 1 –сыныпқа қабылданған оқушыларды мектептің күн тәртібіне бейімдеу мақсатында жүргізілді. 6 сынып оқушыларымен «Мен және қоршаған орта» тренинг жүргізілді. 11-сынып оқушыларымен «Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық жағынан дайындау» аутотренинг, 9-10 сынып және ұстаздармен «Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас» тренинг, 7-8 сынып оқушыларымен «Өзіңді –өзің тани біл», 6-7 сынып оқушыларымен «Өзіңді білуің адамгершілікке жетуің» тренингтер, 7-

сынып оқушыларымен «Ой,сезім,мінез-құлық» тренинг жұмыстары жүргізілді.



**Педұжыммен**

**Коррекциялық жұмыстар**

Педұжыммен «Адам өміріндегі әуенді терапия» тренингі жүргізілді. «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тренингтер жүргізіліп отырылды. Тренингке ұжым белсене қатысты. Өз ойларын ашық жеткізді.



#### **Ата-анамен**

##### **Коррекциялық жұмыстар**

«Ата-аналардың бала тәрбиесінде сенімділік білдіруі, қолдау көрсетуі» тренинг жүргізілді. «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тренинг, «Балада агрессияның көрінуі» семинар тренинг, 6 – сынып ата-аналарымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренингі, «Баланы ата-ана тәрбиелейді. Ата-ананы кім тәрбиелейді?» әдістемесі ата-анамен жүргізілді.



#### **Оқушылармен**

##### **Ағартушылық-психопрофилактикалық жұмыстары**

5 сынып оқушыларымен «Менің сыныбымның ғаламшары» ойын, «ҰБТ-дегеніміз не және оның маңыздылығы қандай?» баяндама, «Қыз тәрбиесі» туралы 8-11 сынып оқушыларымен әңгімелесу, 11 сынып оқушыларымен «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі», Мен киындықты жеңемін»бейнеролик 7-11 сынып оқушыларымен жүргізілді.

#### **Педұжыммен**

##### **Ағартушылық-психопрофилактикалық жұмыстары**

«Жаңа формациядағы педагог» тренинг, «Ұстаздық еткен жалықпас» дөңгелек үстел, «Кәсіби іс-әрекеттегі күйзелістік жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктері» семинар-тренинг, Жат дін өкілдерінің ықпалынан сақтандырып,оның зиянын түсіндіру» жұмыстары жүргізілді.

#### **Ата –анамен**

##### **Ағартушылық-психопрофилактикалық жұмыстары**

«1-сынып оқушысының мектепке оқуға бейімделуі» жұмыстары, 11 сынып ата-аналарымен «ҰБТ –білім сапасының негізі» баяндама, 10 сынып ата-аналарымен «Мұғалім –ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынас» семинар тренингі, «Балада агрессияның көрінуі» тренинг жүргізілді.

##### **Кеңес беру**

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі ата-аналарға кеңес, 1-сынып ата-аналарға кіші мектеп жасындағы балалармен арақатынасындағы қиындықтар себебі бойынша кеңес беру, жекелеген оқушылармен кеңес, 9-11 сынып ата-аналарымен мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер бойынша кеңестер мен ұсыныстар, «Сенімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру» жұмыстары, өтпелі кезеңдегі оқушы психологиясындағы қиындықтар және олардың алдын алу 7-8 сынып,ата-аналармен «Ойды қалай дамытамыз?» педұжыммен, 11-сынып ата-аналарына ҰБТ дайындығы туралы кеңес берілді.

#### **Ұйымдастыру әдістемелік жұмыстары**

1-сынып оқушыларына екпе егу жұмыстары, «Инабат» қыздар клубы, Қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ерте жыныстық қатынасқа түсуінің, балалардың өзіне-өзі қол жұмсауының алдын алу 8-11 сынып оқушыларымен жүргізілді.«Суицид-қиындықтан шығар жол емес» 7-8 сынып оқушыларымен, Оқушылар арасындағы нашақорлық, темекі шегу, зияндылығы жөнінде лекция, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың үйін аралау, жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғатын жұқпалы аурулар туралы әңгімелесу 8-11 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Психолог: *Майя*

М.Т.Найзабекова